Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

АҚ "Алатау Жарық Компаниясы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Бұл Шартта төменде келтірілген ұғымдар келесі мағынаға ие:

1.1. «Жұмысты бастау туралы Акті» - Нысандағы өндірістік жумыстың бастамасын тіркейтін, тараптармен қол қойылатын құжат.

1.2. «Тоқтата тұру Акті» - нысандағы құрылыс-монтаждық жұмыстың тоқтата тұру уакытысын және себебін тіркейтін, тараптармен қол койылатые Акті.

1.3. «Орындалған жұмыстар Актісі» - орындалған жұмыс көлемі туралы есеп нысаны

1.4. «Уақытша құрылыстар» - нысанда құрылыс пен жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін котерілген, орнатылған және Мердігердің шарт бойынша барлық міндеттемелері орындалғаннан кейін алынатын, уакытша ғимараттар мен жабдықтар.

1.5. «Шарт» - Тапсырыс беруші мен Мердігердің арасындағы мердігерлік жұмыстарды орындауға жасалған азаматтық-құқықтық шарт, сонымен қатар шартка тиісті барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер.

1.6. жұмыстарды орындау және/немесе қабылдау-беру барысында немесе кепілдік мерзімі ішінде жойылуы қажет кемшілікті, ақаулықты қоса алғанда, Шарт талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстардың бір бөлігі.

1.7. «Күндер» - күнтізбелік күндер, «айлар» - күнтізбелік айлар.

1.8. «Тапсырыс беруші» - «Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы.

1.9. «Өзгертулер» - Шартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші беретін өзгертулер.

1.10. «Атқарушылық құжаттама» - Орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы мердігер ресімдейтін және Тапсырыс берушіге ұсынатын орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы декларация, жұмыс журналдары, жасырын жұмыстарды куәландыруға және жауапты конструкцияларды аралық қабылдауға арналған актілер, геодезиялық схемалар, орындалған құрылыс бойынша атқарушылық техникалық құжаттама, сондай-ақ Тапсырыс берушінің техникалық қадағалаушысы ресімдейтін құжаттар, жабдыққа арналған паспорттар, монтаждау және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, сертификаттар.

1.11. «Елішілік құндылық» - осы Шарт бойынша жалпы еңбекақы төлеу қорынан сатып алу туралы шартты орындауға тартылған Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбегіне ақы төлеу құнының және (немесе) сатып алу туралы шарт бойынша тауардың (тауарлардың) жалпы құнынан Қазақстан Республикасы резиденттерінің жеткілікті қайта өңдеу немесе толық өндіру өлшемдеріне сәйкес тауарда (тауарларда) белгіленген Қазақстанда шығарылған үлес (үлестер) құнының пайыздық қамтылуы.

1.12. «Жұмыстарды жүргізудің күнтізбелік жоспары» - Мердігер жасайтын және наразылық білдіру үшін негіз болып табылатын жұмыстарды орындау мерзімдерін көрсете отырып, Тапсырыс берушімен келісілетін жоспар – кесте.

1.13. «Материалдар (бұйымдар, конструкциялар)» -Мердігер нысандағы жұмыстарды орындауға пайдаланатын барлық шығыс материалдары.

1.14. «Кемшіліктер мен ақауларды жою кезеңі» - құрылыс процесінде немесе кепілдік мерзімі ішінде жойылуы қажет кемшіліктерді, кемшіліктерді, ақауларды қоса алғанда, Шарт талаптарын бұза отырып, мердігер орындаған жұмыстың немесе жұмыстың бір бөлігін жою кезеңі.

1.15. «Мердігер» - Тапсырыс берушімен жасалған осы Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін және шартта көзделген жұмыстарды орындауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

1.16. «Құрылыс-монтаж жұмыстарын (ҚМЖ) жүргізуге талон» - Тапсырыс берушіге осы құрылысқа бөлінген жер учаскесінде (құрылыс алаңында) белгіленген мақсаттағы объект бойынша ҚМЖ жүргізуге құқық беретін құжат.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.17. «Жұмыс» - бұл дайындық, құрылыс-монтаж, іске қосу және басқа да жұмыстардың барлық түрлерін орындауды, дайын объектіні салуға және пайдалануға беруге қажетті жабдықтар мен материалдардың бүкіл кешенін жеткізуді, сондай-ақ Мердігердің Шарт бойынша кепілдік мерзімінің орындалуын қамтамасыз етуді қамтитын үрдісті білдіреді.

1.18. «Жұмыс ұзақтығының мерзімі» - мердігер объектідегі жұмыстарды толық көлемде орындауға тиіс күнтізбелік мерзім (жұмыс жүргізудің күнтізбелік жоспары).

1.19. «Құрылыс» - жаңа объектілер салу және (немесе) қазіргі бар объектілерді (ғимараттарды, құрылыстар мен олардың кешендерін, коммуникацияларды) өзгерту (кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру, реконструкциялау, қалпына келтіру, күрделі жөндеу), олармен байланысты технологиялық және инженерлік жабдықтарды монтаждау (бөлшектеу), құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын дайындау (өндіру) арқылы өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы негізгі қорларды құру, сондай-ақ аяқталмаған объектілер құрылысын консервациялау және өз ресурстарын игерген объектілерді кейіннен кәдеге жарату.

1.20. «Анықтама» - орындалған жұмыстардың құны және жүргізілген шығындар туралы анықтама.

1.21. «Техника» - нысанның құрылыс аумағында уақытша орналасқан Мердігердің машиналары, жабдықтары мен механизмдері.

1.22. «Техқадағалау» - Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған, Шарт талаптарына сәйкес Мердігердің жұмыстарды орындауын бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдар.

1.23. «Аймақ» - Нысан құрылысы үшін бөлінген аумақ.

1.24. «Шарттың бағасы» - Мердігер өзінің тендерлік өтінімінде, тендерлік ұсыныста көрсеткен шарттың жалпы сомасы.

1.25. «Іске қосу - жөндеу жұмыстары» - құрылыс нысандарында монтаждалған жабдықты пайдалануға беру жөніндегі іс-шаралар кешені.

2. Шарттың Құрамы

2.1. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған шарттар негізгі Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

2.1.1. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі (Шартқа №1 қосымша).

2.1.2. Сатып алынатын жұмыстардың техникалық ерекшелігі (Шартқа №2 қосымша).

2.1.3. Орындалатын жұмыстардағы елішілік құндылық туралы есеп (Шартқа №3 қосымша).

2.1.4. Жұмыстарды жүргізудің күнтізбелік жоспары (Шартқа №4 қосымша).

2.1.5. №_____ сатып алынатын жұмыстарың техникалық ерекшелігіне қосымша.

2.1.6. "Самұрық-Энерго" АҚ компаниялар тобының корпоративтік басқару жүйесі саясаты

2.1.7. Алатау Жарық Компаниясы "АҚ-ның кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты қорғаудың маңызды тәуекелдерінің жиынтық тізілімі.

2.1.8. "АЖК"АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдарды басқару жөніндегі қағидалар

2.1.9. "Самұрық-Энерго"АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

3. Шарттың мәні

3.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарына сай орындалған жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

3.2. Мердігер Шарттың мазмұнынан туындайтын өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерді құрылыс нормалары мен қағидаларына, Қазақстан Республикасында қолданылатын өзге де міндетті нормалар мен қағидаларға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындайды.

4. Шарттың сомасы және ақы төлеу талаптары

4.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтиды және Шарт пен Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

4.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

4.3.1. Шарт бойынша ақы төлеу №2 қосымшада көрсетілген тәртіппен жүргізіледі;

4.3.2. Тапсырыс беруші Мердігерге аванстық төлем төлемейді.

4.4. Орындалған Жұмыстар, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін ақы төлеу тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

4.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың бар көлеміне жергілікті қамту үлесінің есебі (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі);

4.4.2. Орындалған жұмыстар орындалған жұмыстар актісімен ресімделеді

4.4.3. Орындалған жұмыстар құны туралы анықтама.

4.4.4. Шот-фактуралар;

4.4.5. Шарттың 8.5. тармағында көрсетілген атқарушылық құжаттама

4.4.6. Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың барлық көлемі бойынша ел ішіндегі құндылық есебін электрондық құжат нысанында ұсыну (электрондық сатып алуды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-порталда) Жұмыстарды орындаудың қорытынды Актімен бірге ұсынылады);

4.5. Мердігер орындалған Жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Орындалған Жұмыстар актісін (актілерін) Веб-порталда электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

4.7. Осы Шарт бойынша жұмыстардың бағасы түпкілікті болып табылады және Мердігердің оны ұлғайтуды талап етуге құқығы жоқ. Мердігерді таңдау үшін негіз болған сапаның, көлемнің және басқа да шарттардың өзгермеуі шартымен бағаны азайту бөлігінде шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі, бұл ретте _____ бойынша жасалған Шарт сомасынан ақша қаражатын үнемдеу тапсырыс берушіде қалады.

4.8. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де осындай төлемдерге қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар екі тараптың қосымша келісімге қол қоюы арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттеледі

4.9. Шарт бойынша орындалған жұмыстарға ақы төлеуді Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актілері сомасының 5% - ын ұстай отырып, Мердігердің ағымдағы шотына ақша қаражатын аудару арқылы жүргізеді.

4.10. Шарт сомасының қалған 5% - ын төлеуді және Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды Тапсырыс беруші Шарттың 9-бөлімінің 9.2-тармағына сәйкес Мердігердің Шарт бойынша кепілдік мерзімін орындауын қамтамасыз ету ретінде оның мүдделері мен Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келген жағдайда Мердігер 36 (отыз алты) ай қолданылу мерзімімен шарттың жалпы сомасының 5% - ы мөлшерінде банк кепілдігін не кепілдік берілген ақшалай жарнаны бергеннен кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүргізеді.

4.11. Егер Мердігердің осы Шарт немесе Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де басқа шарттар шеңберінде Тапсырыс беруші алдында берешегі болған жағдайда, осы шарттар арасында бар берешектерді өзара есептесу жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда Шарт бойынша орындалған жұмыстарға ақы төлеу өзара берешектерді ішінара өтеу тәртібі туралы келісімге қол қоймай, өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоя отырып, Мердігердің бар берешегін шегере отырып жүргізілетін болады.

5. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету

5.1. Шартқа қол қойылған кезден бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Мердігер шарттың орындалуын қамтамасыз етуді банк кепілдігі немесе Тапсырыс берушінің шотына аударылатын Шарт бағасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде енгізеді. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне берілуге тиіс.

5.2. Тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Мердігерге осы Шарт бойынша Мердігер өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қайтарады.

5.3. Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, егер шарт тиісінше орындалмаса немесе өнім берушінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан бұзылса, қайтармайды.

6. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары және орны

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, талаптары, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2 қосымшасында айқындалады.

6.2. Жұмыстарды Тапсырыс беруші Шарттың №1, №2 қосымшасына сәйкес орындалған жұмыстар актісіне сәйкес көлемі мен сапасы бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойған күні болып есептеледі.

6.3. Техникалық ерекшелік (№2 қосымша) №1 қосымшада көрсетілген сатып алынатын Жұмыстар тізбесіне қатысты бөлігінде қолданылады. № 1 қосымшада көрсетілмеген техникалық ерекшелік лоттары осы Шартқа қолданылмайды.

7. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

7.1. Мердігер міндеттенеді:

7.1.1. Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес орындауға;

7.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3% мөлшерінде банктік кепілдік немесе кепілдік ақшалай жарна түрінде енгізу. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды.

7.1.3. Тәртіпке сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Мердігердің тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмесін (көшірмелерін), сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымға (ұйымдарға), тауарларды қабылдау-беру актілеріне қол қойған күнге дейін ұсынуы Мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/Шарт талаптарымен Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерлікке беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

7.1.4. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Шарт аясында электрондық құжат нысанында орындалған жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

7.1.5. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

7.1.6. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

7.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

7.1.8. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

7.1.9. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

7.1.10. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

7.1.11. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

7.1.12. Осы Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлерге Шарттың барлық әрекет ету мерзімінде еңбек жалақысы бекітуге және осы міндеттерді орындауды растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлері аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай зейнетақы қорынан үзінді көшірмені 10 күнтізбелік күн мерзімнен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынуға (Тәртіпке № 5 қосымшаның 35-тармағына сәйкес тендерлік құжаттамада әлеуетті Мердігердің жұмыскерлеріне ең төменгі шекті еңбек жалақысын белгілеу кезінде);

7.1.13. Мердігердің Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған еңбек жалақысы мен

шығындарын ұлғайтуды қамтамасыз етуге және осы міндеттеуді орындауды растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлері аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай зейнетақы қорынан үзінді көшірмені 10 күнтізбелік күн мерзімнен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынуға (Тәртіпке сәйкес қолданылады);

7.1.14. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

7.1.15. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді);

7.1.16. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) жүргізуге;

7.1.17. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді) қамтамасыз етуге;

7.1.18. Қазақстан Республикасының қолданыстағы құрылыс нормалары мен қағидаларына (ҚР ҚН) сәйкес тиісті (жоғары) сапа шарты бойынша жұмыстарды толық көлемде және техникалық ерекшелікке (Шарттың №2 қосымшасы), жұмыс жүргізудің күнтізбелік жоспарына (Шарттың №4 қосымшасы), шарттық баға ведомосіне (Шарттың №5 қосымшасы) сәйкес шартта белгіленген мерзімдерде және шарттарда орындау;

7.1.19. Орындалған жұмыстарды шарттың мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген үлгі бойынша орындалған жұмыстардың актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге;

7.1.20. Мердігер ұсынатын жұмыс құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыс өндірісі басталған сәттен бастап және жұмыстар толық аяқталғанға дейін атқарушылық техникалық құжаттаманы жүргізу;

7.1.21. Жұмыстардың орындалуын халықаралық (Қазақстандық) стандарттарға, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін барлық қажетті жоғары сапалы материалдармен, бұйымдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету;

7.1.22. Шарттың қолданылу кезеңінде жұмыстардың, материалдардың (бұйымдардың, конструкциялардың), жабдықтардың құнының кездейсоқ қымбаттау тәуекелін көтеру;

7.1.23. Пайдаланылатын материалдарды (бөлшектерді, конструкцияларды) және/немесе жабдықтарды орындалатын жұмыстардың сапасын нашарлатпай пайдаланудың мүмкін еместігінің тәуекелін көтеру;

7.1.24. Шартпен қарастырылған Жұмыстардың орындалу барысында нысанда орналасқан жабдықтарды, материалдарды (бұйымдарды, конструкцияларды) қоймалау және күзет іс-шараларын өз бетінше қамтамасыз ету;

7.1.25. Жұмстарды орындау барысында санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да қолданыстағы нормалар мен қағидалар талаптарына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетін жабдықтарды, материалдарды (бұйымдарды, конструкцияларды) пайдалану;

7.1.26. Тапсырыс беруші үшін ықтимал қолайсыз салдарлары анықталған кезде, сондай-ақ жұмыс нәтижелерінің жарамдылығына немесе беріктігіне қауіп төндіретін не оларды мерзімінде аяқтауға мүмкіндік бермейтін Мердігерге байланысты емес өзге де мән-жайлар анықталған кезде Тапсырыс берушіні ескертуге және одан нұсқаулар алғанға дейін жұмыстарды тоқтата тұруға міндеттеледі. Осы тармақта көрсетілген мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге ескертпеген не ескертуге жауап беру үшін қисынды мерзімнің аяқталуын күтпестен немесе Тапсырыс берушінің жұмысты тоқтата тұру туралы уақтылы нұсқауына қарамастан жұмысты жалғастырған Мердігердің өзіне немесе өзі Тапсырыс берушіге тиісті талаптар қойған кезде көрсетілген мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ. Жұмыстарды кез келген тоқтата тұру, сондай-ақ жұмыстарды қайта бастау тоқтата тұру мерзіміне мерзімдердің ұзартуын көрсетумен Шартқа қосымша келісіммен ресімделуге тиіс;

7.1.27. Шартта, жобалау-сметалық құжаттамада көзделген талаптардан және тараптар үшін міндетті құрылыс нормалары мен қағидаларынан ауытқуға жол бергені үшін, жұмыстарды жүргізудің күнтізбелік жоспарында көзделген мерзімдерде орындамағаны үшін, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген құрылыс объектісінің көрсеткіштеріне, оның ішінде орнатылған жабдықтың өнімділігі сияқты көрсеткіштерге қол жеткізбегені үшін Тапсырыс беруші алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады;

7.1.28. Тапсырыс берушіге жұмыс нәтижесімен бірге нысанды пайдалануға немесе өзге де пайдалануға қатысты ақпаратты беру;

7.1.29. Жұмыстарды атқару үшін және нысанды пайдалануға қажетті материалдар, бұйымдар мен жабдықтардың лицензияларын, сертификаттарын алуға байланысты барлық шығындарды өз мойнына алу;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.1.30. Шартта көзделмеген жұмыстардың қосымша көлемі туындаған жағдайда Тапсырыс берушіге оларды келісу үшін жазбаша және уақытылы хабарлау, Тапсырыс берушінің өкілдерімен бірлесіп жұмыстардың жасырын көлеміне уақытылы куәландыру жүргізу;

7.1.31. Өртке қарсы қауіпсіздік, қауіпсіздік техникасын сақтау, экологиялық талаптар, санитарлық нормалар, басқада міндетті нормалар мен қағидаларға сәйкес іс-шараларды орындауды қамтамасыз ету;

7.1.32. Тапсырыс берушінің талабы бойынша жеткізілетін жабдықтардың, материалдардың сәйкестігі туралы техникалық паспорттарын және/немесе сертификаттарын мемлекеттік және/немесе орыс тілінде ұсыну;

7.1.33. Тапсырыс берушінің өкілдерімен бірлесіп белгіленген нормаларға сәйкес нысанда монтаждалған жабдық пен инженерлік коммуникацияларға сынақтар (байқаудан өткізу) жүргізу;

7.1.34. Шарт бойынша жұмыстарды орындау барысында кездейсоқ өлім қаупі тәуекеліне жауап беру, материалдардың (бұйымдардың, конструкциялардың), жабдықтардың кездейсоқ жойылу, жоғалу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеру, егер мұндай залал Мердігер қызметкерлерінің нысандағы Тапсырыс берушінің мүлкімен және/немесе нысанның өзімен абайсызда пайдалануынан туындаған болса, Тапсырыс берушіге залалдың барлық сомасын толық көлемде өтеу;

7.1.35. Шартпен орнатылған мерзімдер мен тәртіпке сай орындалған Жұмыстарды толық көлемде Тапсырыс берушіге тапсыру;

7.1.36. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдау-беру процесінде орындалған жұмыстарда ақаулар (кемшіліктер, қателер, сәйкессіздіктер, шала жұмыстар, ескертулер, келіспеушіліктер) анықтаған, сапасыз материалдарды (бұйымдарды, конструкцияларды), жабдықтарды пайдаланған жағдайда, оларды әрбір жекелеген жағдай бойынша ақау актісінде Тараптармен келісілген мерзімдерде, бірақ Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде өз есебінен жою;

7.1.37. Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде орындалған жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беру және әрбір жеке жағдай бойынша ақаулы актіде тараптармен келісілген, бірақ күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде өз есебінен барлық ақауларды (кемшіліктер, қателер, сәйкессіздіктер, кемшіліктер) жою, ескертулер, келіспеушіліктер), оның ішінде Жасырын, Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап орындалған жұмыстарда, сондай-ақ орындалған жұмыстарда сапасыз материалдарды (бұйымдарды, конструкцияларды), жабдықтарды ауыстыруды жүргізу;

7.1.38. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін республикалық және жергілікті органдарда барлық қажетті келісулерді (материалдарды және құжаттарды) алу;

7.1.39. Шарт бойынша Жұмыстарды атқаратын өз қызметкерлеріне уақытылы еңбек жалақысын төлеу;

7.1.40. Мердігердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын бақылауды жүзеге асыруға байланысты нысанға Тапсырыс беруші өкілдерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз ету;

7.1.41. Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың шарт бойынша жұмыстарды орындау уақытында оларға зиян келтіру не мердігердің кінәсінен бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша қойылатын талап-арыздары мен наразылықтарын ұсынбау жөнінде шаралар қолдану. Үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу;

7.1.42. Тапсырыс берушіге объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғанға дейін объектіні салу жөніндегі барлық атқарушы-техникалық құжаттаманы ұсыну;

7.1.43. Тапсырыс берушіге объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей нақты орындалған көлемдер бойынша объектінің құрылысы бойынша атқарушы смета ұсынылсын;

7.1.44. Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша осыған уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген, Мердігердің Шартта келісілген жұмыстарды жүргізуге құқығын растайтын соңғы құжаттарды ұсыну;

7.1.45. Есепті айдан кейінгі әр айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Тапсырыс берушіге орнату актісіне сәйкес белгіленген электр есептегішінің көрсеткіштеріне сай электр энергиясының барлық құнын өтеу;

7.1.46. Өз міндеттемелерін орындамау және/немесе тиісінше орындамау үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болу;

7.1.47. Қауіпсіз жұмыс әдістерін сақтау және қоршаған ортаны қорғау бойынша Мердігердің жауапты өкілін бұйрықпен сайлау;

7.1.48. Мердігер ұсынатын, жұмыс құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын жұмыс өндірісі басталған сәттен бастап және жұмыстар толық аяқталғанға дейін атқарушылық техникалық құжаттаманы жүргізу;

7.1.49. Жұмыстар орындалғаннан кейін құрылыс қоқысын шығаруды қамтамасыз ету және құрылыс аумағын көркейту жұмыстарын жасау;

7.1.50. Шартпен қарастырылған барлық басқа да міндеттемелерді толық көлемде орындау;

7.1.51. Нысандарға жеткізілетін материалдар мен жабдықтарды дайындаушы зауыттағы әрбір қабылдау сынақтарына саны кемінде екі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

адам болатын Тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету. Қабылдау сынақтары нысандарға жеткізілетін материалдар мен жабдықтардың әр партиясы үшін жүргізілуі керек. Тапсырысшы өкілдерінің сапаның қамтамасыз етілуін қадағалауы Мердігерді Шарт бойынша оның қандай да бір міндеттемелерінен босатпайды. Мердігер барлық қажетті жұмыс күшін, материалдарды, жабдықтарды, аппараттарды, құрал-саймандарды және тексеру мен сынауға толық жауап беретін білікті мамандарды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл мамандарға Мердігердің атынан өкілдік етуге және қарау мен сынауды тиісті түрде жүргізу үшін шешім қабылдауға уәкілеттік берілуі керек. Дайындаушы зауытта қабылдау сынақтарында Тапсырыс берушінің кемінде екі өкілінің болуына байланысты шығындар мыналарды қамтиды: - Тапсырыс беруші өкілдерінің осындай қабылдау сынақтары кезінде зауыт аумағында болу құны (тәуліктік мөлшерлеме), сонымен қатар аудармашы қызметі; - Тапсырыс беруші елден жабдықтар мен материалдарды өндіруші елге жол жүруге және кері қайтуға арналған шығындар, сонымен қатар визаларды ресімдеуге арналған шығындар; - Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мөлшердегі тәуліктік төлемдер (Мердігер Тапсырыс берушінің іс-сапарға жіберілген персоналына төлейді); - Мекендеу; - Жергілікті көлік қызметтері; - Тапсырыс беруші қызметкерлерінің сақтандыруға байланысты шығындары; Тапсырыс беруші өкілдерінің өндіруші зауыттағы қабылдау сынақтарына байланысты болатын барлық жоғарыда айтылған шығындарын Мердігер өтейді. Сынақтарды жүргізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Мердігер Тапсырыс берушімен келісілген сынақтар жүргізу кестесін, сынақтар бағдарламасы мен әдістемесін ұсынуға тиіс. Сынақтарды жүргізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын Мердігер сынақтарды жүргізудің уақыты мен күнін растау қажет;

7.1.52. Тапсырысшыға объектіні пайдалануға беру актісі берілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы декларацияны ұсыну

7.1.53. Мердігер сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес монтаждалуға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Холдингтің тауар өндірушілері тізілімінде тұрған, сатып алынатын тауар өндірушілерден коммерциялық ұсыныстарды қабылдау Жүйеде іске асырылады. Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады: 1) ашық тендер әдісімен сатып алулардың қорытындысын өткізу күнінде Жүйеде коммерциялық ұсыныстар болмаған жағдайда; 2) Холдингтің тауар өндірушілері тізілімінде тұрған тауар өндіруші өндіретін сатып алынатын тауар сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда; 3) егер коммерциялық ұсыныста ұсынылған баға сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында белгіленген тауар құнынан асып кеткен жағдайда рұқсат етіледі. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 5% - ы мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттеменің орындалмағаны үшін жауапты болады, оны жұмыс Мердігер төлеуге тиіс немесе орындалған жұмыстардың қабылданғанын - берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін. Мердігердің орындалған жұмыстардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге, Холдингтің тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарлардың тауар өндірушісінен тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмесіне (көшірмелеріне) тараптар қол қойған күнге дейін тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындағанын растау болып табылады.

7.1.54. Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Тапсырыс берушіге Шарттың № 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша жұмыстағы елішілік құндылықтың нақты есебін ұсыну.

7.1.55. Шарт жасалған күннен бастап 10 күн ішінде ағымдағы жылға арналған бекітілген жұмыстарды жүргізу кестесін (Тапсырыс берушінің үлгісі бойынша) ұсыну.

7.1.56. Тапсырыс беруші Мердігерге аванстық төлемді төлемейді, тиісінше Мердігер авансты қайтаруды қамтамасыз етуді енгізбейді. Тараптар осы тармақтың авансты қайтаруды қамтамасыз ету бөлігіндегі ережесі авансты қайтаруды қамтамасыз етуді қарастыратын Шарттың басқа ережелері мен оның қосымшаларына қарағанда басым күшке ие екенін мойындайды.

7.1.57. Жұмыстардағы елішілік құндылығы бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Елішілік құндылығы бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда мердігер тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.1.58. Шарт талаптарына сәйкес жұмыстарда Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жою. Тапсырыс беруші Өнім берушінің жұмыстарда болжамды елішілік құндылықты ұсынуын талап етуге құқылы емес.

7.1.59. Егер жұмыстарды орындау үшін қажет тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жағдайда, оның ішінде тендерге қатысуға өтімінің құрамында ұсынылған кепілдік міндеттемеде болса, Мердігер Шартқа қол қойғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ондай тауарлардың тізбесін ұсынады.

7.1.60. Мердігер Қазақстан Республикасының аумағындағы Қазақстан Республикасының азаматтары жұмыс істейтін жұмыс орындарын осы Шарттың қолданылу кезеңінде сақтауға міндетті

7.1.61. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Мердігер өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында белгіленген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар үшін, оның ішінде Мердігер жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігі үшін Тапсырыс беруші мен бақылаушы мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болу.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.1.62. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Мердігер жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, сондай-ақ қоршаған орта саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге міндетті.

7.1.63. Мердігердің кінәсінен Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасы мен ішкі құжаттарының талаптарын сақтамауына байланысты туындаған мемлекеттік органдар мен өзге де заңды және жеке тұлғалар тарапынан қойылған шағымдарға, сот талап-арыздарына, айыппұлдарға байланысты шығындар мен залалдарды Тапсырыс берушіге толық өтеуге.

7.1.64. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсіту жағдайларына жол бермеу.

7.1.65. Тапсырыс берушінің талабы бойынша мердігер мен оның қосалқы мердігерлерінің азаматтығы мен әрбір лауазым бойынша төленген жалақы сомасын көрсете отырып, шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпарат беру.

7.1.66. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне екі Тарап қол қойған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы актіні Zakup.sk.kz жүйесінде орналастыру және Тапсырыс берушіге Zakup.sk.kz жүйесінд қалыптастырылған осы актіге ілеспе хатты жіберу.

7.1.67. Аумақтық қоршаған ортаны қорғау органынан құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу уақытында қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат алуды және салық органдарына қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді уақтылы жүргізуді қамтамасыз етсін.

7.1.68. Пайдалануға қабылдау актісін бекіткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күн ішінде объектінің жобалау-сметалық құжаттамасын Тапсырыс берушіге қайтару.

7.1.69. Мердігер жұмысты тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген білікті мамандармен орындауға міндетті.

7.1.70. Жұмыстарды орындау барысында Техникалық бақылауды жүзеге асыру үшін өз өкілдерін сайлау.

7.1.71. "Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті" курсы бойынша, Тапсырыс берушінің ішкі жаттықтырушыларын тарта отырып, кемінде 1 жыл мерзімде жұмыстарды орындайтын аутстаффингтар мен мердігерлік ұйымдардыңбасшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру

7.2. Мердігер:

7.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

7.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету.

7.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

7.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

7.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

7.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

7.2.7. Жұмыстарды орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

7.2.8. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

7.2.9. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде өнім беруші көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында жұмыс көлемінің (құнының) ¼-ден аспайтын бөлігін беруге.

7.2.10. Шарт талаптарына сай орындалған Жұмыстарды қабылдау.

7.3. Тапсырыс беруші:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

7.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

7.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

7.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

7.3.5. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

7.3.6. Zakup.sk.kz жүйесінде қалыптастырылған актіге ілеспе хатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қою.

7.3.7. Шартқа қол қойған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігерге жобалау-сметалық құжаттамасын беру.

7.3.8. Жұмыстарды орындау барысында Техникалық бақылауды жүзеге асыру үшін өз өкілдерін сайлау.

7.4. Тапсырыс беруші құқылы:

7.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

7.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

7.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

7.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

7.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

7.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

8. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

8.1. Тапсырыс беруші Жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

8.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

8.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Мердігер 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай талап Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 15 (он бес) ішінде хабарламаны алған сәттен бастап Жұмыстардың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе ұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе Жұмыстардың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

8.4. Егер Тапсырыс беруші 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігерге тиісті емес Жұмыс көлемі және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Жұмыстарды Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

